



**2001 жылғы 28 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Абу-Даби Даму Қорының арасындағы Қарағанды-Астана жолының құрылысын қаржыландыруға арналған заем туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 шілде N 229-II

Абу-Дабиде 2001 жылғы 28 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Абу-Даби Даму Қорының арасындағы Қарағанды-Астана жолының құрылысын қаржыландыруға арналған заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ  
МЕН  
АБУ-ДАБИ ДАМУ ҚОРЫНЫҢ  
АРАСЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ-АСТАНА ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН  
ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА  
АРНАЛҒАН  
ЗАЕМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Заемшы" деп аталатын), бір жағынан Және екінші жағынан Абу-Даби Даму Қорының (бұдан әрі ҚОР деп аталатын) арасындағы 2001 жылғы 28 сәуіріндегі келісім.

Заемшы толық сипатталуы осы Келісімнің II Қосымшасында келтірілетін Қарағанды-Астана Жолы Құрылысының Жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталатын) қаржыландыруға қатысу туралы Қорға өтініш жасағанын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

ЖӘНЕ ДЕ Қордың мақсаты араб, африка, азия және басқа да дамушы елдерге олардың даму жобаларын орындауға қажетті заемдарды берудің арқасында олардың экономикасының дамуына көмек көрсету екендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

ЖӘНЕ ДЕ Қор Жобаның орындылығы мен орындалатынына және оның Заемшы

экономикасының дамуының маңыздылығына сенімді екенін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП ;

ЖӘНЕ ДЕ Қор жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Заемшыға Келісімде айтылған шарттар мен ережелерде заем беруге келісім бергенін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ОСЫ КЕЛІСІМДЕГІ ТАРАПТАР ОСЫМЕН МЫНАЛАР ТУРАЛЫ КЕЛІСЕДІ:

## I БАП

Заем және Оны Беру Шарттары

### 1-БӨЛІМ

Қор осы Келісімде айтылған немесе осы Келісімде сілтемелер келтірілетін шарттар мен ережелер негізінде 80,806,000 (сексен миллион сегіз жүз алты мың) Біріккен Араб Эмираттары дирхамына бара-бар соманы Заемшыға беруге келісім береді.

### 2 - БӨЛІМ

Заемшы жылына үш процентті (3%) құрайтын ставка бойынша, шоттан алынатын және белгілі бір уақытта ол бойынша төлемге ұсынылмайтын сомасы бар Заемның негізгі сомасы бойынша процент төлейді. Проценттер осылайша тиісті соманы алу ретінде тағайындалған күннен бастап есептеледі.

### 3 - БӨЛІМ

Әкімшілік шығыстарды және осы Келісімді орындауға арналған шығыстарды жабу үшін Заем қаражатынан алынатын және өздері бойынша белгілі бір уақытта төлемге ұсынылмаған сомасы бар сомалар бойынша жылына нөл бүтін оннан бес процентін (0,5%) құрайтын қосымша төлем жүргізіледі.

### 4 - БӨЛІМ

Осы 3-баптың 2-бөліміне сәйкес Заемшының өтініші бойынша Қор өзіне

алған арнайы міндеттемелер бойынша жүзеге асырылуға жататын төлем ставкасы өздері бойынша белгілі бір уақытта төлемге ұсынылмаған сомасы бар кез келген осындай арнайы міндеттемелердің негізгі сомасы бойынша жылына нөл бүтін оннан бес процентін (0,5%) құрайды.

## 5-БӨЛІМ

Проценттер мен басқа да төлемдер әрқайсысы ұзақтығы жарты жылдан кем кез келген кезең үшін ұзақтығы 30 күн он екі айдан тұратын ұзақтығы 360 күн бір жылды құрайтын уақыт аралығы негізінде есептеледі.

## 6-БӨЛІМ

Заемшы өтеу мерзімі алдында 5 жыл жеңілдікті кезеңі бар 15 жылды құрайтынын ескере отырып, осы Келісімнің 1-қосымшасында ұсынылатын борышты біртіндеп өтеу кестесіне сәйкес Заемның негізгі сомасын өтейді.

## 7-БӨЛІМ

Проценттерді төлеу және басқа да төлемдерді жүзеге асыру әр жылдың 30 сәуірінде және 30 қазанында жарты жылда бір рет жүргізіледі.

## 8 - БӨЛІМ

Заемшының барлық есептелген проценттерді төлеу және барлық басқа төлемдерді жүзеге асыру кезінде Қорды кемінде 45 күн бұрын хабардар ете отырып, келісілген мерзім басталғанға дейін мынадай сомаларды өтеуге:

а) осы кезде соманы төлеуге ұсынылмаған сомасы бар Заемның барлық

негізгі сомасын; НЕМЕСЕ

б) осындай өтеу күні төлем мерзімі мерзімінен бұрын төленетін бөлігінен кейін басталатын Заемның төлемге ұсынылмаған қандай да болмасын бір бөлігі болмау шартымен төлемнің қандай да болмасын бір немесе одан да көп мерзімдері басталған кездегі барлық негізгі соманы өтеуге құқығы бар.

## 9-БӨЛІМ

Заемның негізгі сомасын, проценттерді төлеу және олар бойынша басқа төлемдерді жүзеге асыру Қор негізді сұрау салатын осындай жерлерде жүргізіледі.

## II БАП

### Төлемдердің Валютасы

#### 1-БӨЛІМ

Заем қаражатын шоттан алу, оны өтеу, проценттерді төлеу және басқа төлемдерді жүзеге асыру және осы Келісімге байланысты қаржы, мәмілелерінің барлық есептерін жүргізу Біріккен Араб Эмираттарының дирхамымен жүргізіледі.

#### 2 - БӨЛІМ

Қор Заемшының өтініші бойынша оның агенті ретінде әрекет ете отырып, осы Келісімге сәйкес Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауардың құнын төлеуге және өтеуге қажетті кез келген валютаны сатып алады. Осы жағдайда Заем шотынан алынған болып есептелетін сома осындай шетел валютасын сатып

алуға қажетті Біріккен Араб Эмираттарының дирхамындағы сомаға тең болып табылады.

#### 3-БӨЛІМ

Қор Заемшының өтініші бойынша оның агенті ретінде әрекет ете отырып, осы Келісімнің 1-бөліміне сәйкес төлемдер үшін талап етілуі мүмкін Біріккен Араб Эмираттарының дирхамында, кез келген шетел валютасында немесе Қор үшін қолайлы валютада сатып ала алады.

#### 4-БӨЛІМ

Осы Келісімнің мақсаттары үшін бір валютаның екінші валютаға ауыстырғандағы құнын анықтау қажет болған әрбір жағдайда, осындай бағаны Қор негізді түрде анықтайды.

### III БАП

#### Заем Қаражатын Шоттан алу және Пайдалану

##### 1-БӨЛІМ

Заемшының осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Жобаға байланысты жұмсалатын немесе жұмсауға жататын соманы Заем шотынан алуға құқығы бар.

Заемшы Қорға растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін осы Келісім күшіне енгенге дейін шеккен шығыстардың себебі бойынша Заем шотынан соманы ала алады.

##### 2 - БӨЛІМ

Заемшының өтініші бойынша және Заемшы мен Қор арасында келісілген шарттар мен ережелер негізінде осы Келісімге сәйкес кез келген тоқтатуға немесе жоюға қарамастан қаржыландырылатын тауарлардың бағасына қатысты Заемшыға немесе басқа тұлғаларға сомаларды төлеу бойынша жазбаша түрде өзіне арнайы міндеттемелерді алуына болады.

##### 3 - БӨЛІМ

Заемшы шоттан Заемның қандай да болмасын бір сомасын алғысы келген немесе алдыңғы бөлімге сәйкес соңғысының арнайы міндеттемелерді қабылдауы туралы Қорға өтініш білдірген жағдайда, алайда, осындай өтінім немесе растайтын құжаттар Қорға ұсынылғанға дейін шоттан қандай да болмасын алу жүргізілген немесе арнайы міндеттеме қабылданған жағдайда Заемшы Қорға қажетті растайтын құжаттармен қоса берілетін, Қор белгілеген нысандарда Қорға өтінім береді, осындай өтінімді немесе растайтын құжаттарды осыдан кейін осылайша дереу ұсынады.

##### 4 - БӨЛІМ

Заемшының Заем шотынан өзіне қатысты өтінім беріліп отырған соманы алуға құқығы бар екендігін және Заем шотынан алынатын сома тек осы Келісімде анықталатын мақсаттар үшін ғана пайдаланылатынына Қорды сендіру үшін Шоттан қаражат алуға арналған әрбір өтінімнің және растайтын ілеспе

құжаттардың және өзге де айғақтардың тиісті нысаны мен мазмұны болуы тиіс.

## 5-БӨЛІМ

Заемшы Заем қаражатын тек Жобаны орындау үшін талап етілетін тауарлар мен қызметтердің тиісті құнын қаржыландыруға ғана пайдаланады. Осындай тауарлар мен қызметтерді сатып алудың рәсімдері Қор мен Заемшының арасындағы келісім бойынша анықталады.

## 6-БӨЛІМ

Заемшы тек Жобаны орындау кезінде ғана Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

## 7-БӨЛІМ

Заемшы Заем шотынан алуға құқығы бар соманы Қордың төлеуді Заемшыға немесе оның тапсырмасы бойынша жүргізіледі.

## 8-БӨЛІМ

Заемшының Заем шотынан қаражат алуды жүргізу құқығы 2006 жылғы 31 желтоқсанда немесе белгілі бір уақытта Заемшы мен Қор арасында келісілуі мүмкін неғұрлым кеш мерзімде тоқтатылады.

## IV БАП

### Шарттың Ерекше Жағдайлары

## 1-БӨЛІМ

Заемшы Қорға қолайлы шарттар мен ережелерде Көлік және Коммуникациялар Министрлігіне Заем қаражатын береді.

## 2-БӨЛІМ

Заемшы және жоғарыда аталған Министрліктің атынан Жобаны Орындау жөніндегі Топ (ЖОТ) Жобаның орындалуына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес

және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды басқаруға қатысты талаптарға сәйкес және оңтайлы инженерлік, қаржылық және техникалық

іс-тәжірибеге сәйкес оларды басқаруға жауап береді.

### 3-БӨЛІМ

Жобаны орындау және оны бақылау кезінде Заемшы Қорға қолайлы шарттар мен ережелер негізінде Қорға қолайлы техникалық мәселелер жөніндегі консультанттарды (немесе қызметтері қажет болуы мүмкін басқа консультанттарды) жалдайды немесе жалдауды қамтамасыз етеді.

### 4-БӨЛІМ

Заемшы Жобаны орындауға және оны бақылауға қатысты осы Келісімге қол қойылғанға дейін жасалған барлық келісім-шарттардың куәландырылған көшірмелерін Қорға ұсынады.

### 5-БӨЛІМ

Жобаны орындау туралы келісім-шарттарды жасасу және оларды бақылау кезінде халықаралық бәсекелес сауда-саттық рәсімдері сақталады және олардың жасалуы Қордың мақұлдауына байланысты.

### 6-БӨЛІМ

Заемшы Жобаның орындалуына қатысты талаптарға сәйкес жерге меншікті және осындай меншіктің құқығын сатып алу жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

### 7-БӨЛІМ

Заемшы Техникалық мәселелер жөніндегі Консультантқа және Мердігерге осындай Консультант пен Мердігердің тарапынан қандай да бір міндеттемелерсіз Жобаға байланысты жұмыстар үшін Участке ұсынады және олардың осындай Учаскеге кіруін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Егер Жобаны қаржыландыруға бөлінген сомалар, сметаға сәйкес Жобаны орындауға арналған шығындарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Заемшы Қор алдын ала мақұлдауы тиіс шарттар мен ережелер негізінде Жобаны орындау жөніндегі жұмыстарды аяқтау үшін талап етілетін қосымша сомаларды ұсынуға қажет болуы мүмкін шараларды қабылдайды.

## 9 - БӨЛІМ

Заемшы Қорға оқу материалдарын, Жобаның жоспарлары мен техникалық шарттарын және оларды орындау кестелерін, сондай-ақ болашақта оларға енгізілуі мүмкін кез келген елеулі өзгерістерді, бұл туралы қандай да бір уақытта Қор сұрау салатын негізде олар дайын болғаннан кейін дереу ұсынады.

## 10 - БӨЛІМ

Заемшы Жобаның орындалу барысын ұсыну (оны орындауға жұмсалған шығындарды қоса алғанда) және Жобада олардың пайдаланылуы туралы ақпаратты анықтау, Жобаның орындайтын мекеменің тиімді және нық белгіленген есеп тәжірибесіне, қызметіне және қаржылық жағдайына сәйкес келетін тиісті рәсімдерге сәйкес көрсету үшін Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтердің жіктелуі және олардың Жобада пайдаланылуы туралы ақпаратты анықтау жөніндегі іс жүзіндегі талаптарға жауап беретін есеп жазбаларын жүргізеді және олардың жүргізілуін қамтамасыз етеді. Заемшы Қордың уәкілетті өкілдеріне Заемға байланысты мақсатта жол жүру және жұмыстың барысын тексеру және кез келген есеп жазбалары мен қаралатын мәселелерге қатысы бар құжаттарды қарау үшін кез келген талап етілген мүмкіндікті ұсынады және Қорға Заем қаражатын жұмсауға, Жобаны орындауға және Заемшының қаржылық жағдайына қатысты Қор сұрататын кез келген осындай ақпаратты ұсынады.

## 11 - БӨЛІМ

Заемшы Жобаны тікелей немесе жанама басқаруға және оған байланысты жұмысты жүргізуге, сондай-ақ Жобаның құрамдас бөлігі болмай-ақ, тиімді инженерлік, қаржылық және техникалық іс-тәжірибеге сәйкес Жобаға байланысты жұмысты тиісті жүргізуге қажетті осындай көмекші іс-шараларды басшылыққа алуға міндеттенеді.

## 12 - БӨЛІМ



Заемшы және Қор Заемның мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін тығыз байланыста болады. Осы мақсатта әрбір тарап Заемға байланысты істің жалпы жағдайына қатысты ол негізді түрде талап етуі мүмкін ақпарат пен мәліметтерді екінші тарапқа беруді міндеттенеді.

Заемшы мен Қор өзінің өкілдері арқылы Заемның мақсатына және оған қызмет көрсетуге байланысты мәселелер жөнінде мерзімді пікір алмасу жүргізеді. Заемшы Заем мақсатының орындалуына кедергі жасайтын немесе кедергі жасауы мүмкін (Жобаның орындалуына арналған шығындардың кез келген елеулі артуын қоса алғанда) кез келген жағдайлар туралы Қорды дереу хабардар етеді.

### 13 - БӨЛІМ

Заемшы мен Қордың өзара ой-ниетінде болашақта мемлекеттік мүлікке қатысты құрылатын борыштар үшін мүлікті ұстау құқығы түріндегі Заеммен салыстырғанда басымдығы болмайтындығында болып табылады. Осы мақсатта Заемшы Қор өзгеше шешім қабылдаған кездегіден басқа жағдайларда, егер Заемшының қандай да болмасын мүлкіне қатысты борыштар үшін мүлікті ұстаудың қандай да болмасын құқығы туындайтын болса, борыштар үшін осындай

мүлікті ұстау құқығы фактіге байланысты Заемның негізгі сомасы мен проценттерді төлеуді және ол бойынша басқа төлемдердің жүзеге асырылуын тең және үйлесімді негізде қамтамасыз етуге және осы Бөлімнің алдыңғы ережелерін алайда мыналарға:

- (I) осындай мүлікті сатып алу құнын қамтамасыз ету түрінде ғана оны сатып алу сәтінде мүлікке қатысты борыш үшін мүлікті ұстау құқығына;
- (II) төлеу мерзімі бастапқы туындаған күннен кейін бір жылдан кейін кешіктірілмей келетін борышты қамтамасыз ету үшін саудаға тауарларға қатысты борыш үшін мүлікті ұстау құқығына; НЕМЕСЕ
- (III) банктік операциялардың барысында туындаған және төлеу мерзімі оның күнінен кейін бір жылдан кешіктірілмей келетін борышты қамтамасыз ететін борыш үшін мүлікті ұстау құқығына қолданбау шартымен борыштар үшін осындай мүлікті ұстау құқығын құру кезінде осы мағынада тікелей тұжырымдалған ереже ұсынылатын болады:

Заемның негізгі сомасын төлеу және ол бойынша басқа төлемдерді жүзеге асыру Заемшының заңнамасына сәйкес әрекет ететін қандай да болмасын салықтарды есептеусіз жүзеге асырылады және Заемның негізгі сомасын және проценттерді және ол бойынша басқа төлемдерді жүзеге асыру жоғарыда аталған салықтардан босатылады

## 1 5 - Б Ө Л І М

Осы Келісім Заемшының елінде әрекет ететін заңнамаға сәйкес белгіленуі мүмкін кез келген салықтардан, алымдардан және түрлі сипаттағы баждардан босатылады, оларды жасау, ресми беру немесе тіркеу жөнінде немесе осындай жасауға, ресми беруге немесе тіркеуге байланысты және Заемшы Заем төлеуге жататын валютада, елде әрекет ететін заңнамаға сәйкес белгіленген барлық салықтарды, алымдарды және егер осындай болса баждарды төлейді немесе төлеуді қамтамасыз етеді.

## 1 6 - Б Ө Л І М

Заемның негізгі сомасын және проценттерін төлеу және ол бойынша басқа төлемдерді жүзеге асыру Заемшының елінде әрекет ететін заңнамаға сәйкес белгіленген барлық шектеулерден босатылады.

## 1 7 - Б Ө Л І М

Заемшы жауапты сақтандырушылардан Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарларды сақтандырады немесе сақтандырылуын қамтамасыз етеді. Осындай сақтандыру мынадай тасымалдауларға байланысты теңіз және Заемшының аумағына тауарларды сатып алуға және импорттауға және оларды Жобаны орындау орнына жеткізуге байланысты басқа қауіптерді жабады және ұтымды сауда іс-тәжірибесімен сәйкес келетін осындай сомаға жүзеге асырылады, осындай сақтандыру кезінде сақтандырылатын тауарлардың құнына ақы төлеуге жататын валютамен немесе еркін өзгермелі валютамен осындай сақтандыру ақы төленуге жатады.

Заемшы сақтандыруды ресімдейді және сақтандыруды немесе сақтандырудың ресімделуін және Жобаға байланысты тәуекелдерден жауапты сақтандырушылардан ұтымды сауда іс-тәжірибесімен сәйкестендірілген сомада сақтандыруды қамтамасыз е т е д і .

Заемшы өзінің тарапынан Жобаны орындау үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды және қабылдануын қамтамасыз етеді және Жобаны орындауға немесе оған байланысты жұмыстарды жүргізуге немесе осы Келісім ережелерінің қандай да болмасын бірін орындауға кедергі жасайтын немесе кедергі жасаған қандай да болмасын әрекеттер жасамайды және жасалуына жол бермейді.

## 19-БӨЛІМ

Қордың барлық құжаттарын, есеп жазбаларын, хат-хабарларын және ұқсас материалдарын Заемшы құпия ретінде қарайды. Заемшы Қорға цензурадан толық иммунитет ұсынады және оның жарияланымдарын тексерулерден толық босатады.

## 20-БӨЛІМ

Заемшының барлық мүліктері мен кірістері мемлекеттік меншіктеуден, тәркілеуден және алулардан босатылады.

## V БАП

### Күшін Жою және Тоқтата Тұру

## 1-БӨЛІМ

Заемшы Қорды хабардар ете отырып, Заемшы өзіне қатысты Қор осы Келісімнің 2-Бабының 2-бөліміне сәйкес өзіне арнайы міндеттеме қабылдаған Заемның қандай да болмасын сомасын жоя алмайтын кездегіден басқа жағдайларда Заемшы осындай хабарламаға дейін шоттан алмаған Заемның кез келген сомасының күшін жоя алады.

## 2-БӨЛІМ

Егер қандай да болмасын мынадай оқиғалар орын алса немесе жалғасып отырса:

- (а) негізгі соманы немесе проценттерді толық немесе ішінара төлеу немесе осы Келісімге немесе Заемшы мен Қор арасындағы кез келген басқа Заем туралы Келісімге сәйкес талап етілетін басқа да

төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді орындамау орын алса;

(b) осы Келісімге сәйкес Заемшының тарапынан қандай да бір басқа шартты немесе келісімді орындау кезінде міндеттемелерді орындамау орын алса;

(c) Қор Заемшының тарапынан міндеттемелердің орындалмауы себепті Заемшы мен Қор арасындағы кез келген басқа Заем туралы Келісімге сәйкес Заемшының шоттан қаражат алуды жүргізу құқығын толық немесе ішінара тоқтатқан болса;

(d) Заемшының осы Келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі мәселесін қоятын төтенше жағдай қалыптасса Қор Заемшыны хабардар ете отырып, Заемшының Заем қаражатын алуды жүргізу құқығын толық немесе ішінара тоқтатуы мүмкін.

Осы Келісім күшіне енгенге дейін болуы мүмкін кез келген осындай оқиғаның, ол осы Келісім күшіне енгеннен кейін болған кездегідей салдары болады.

Заемшының Заем қаражатын алуды жүргізу құқығы мән-жайларға байланысты алайда, кез келген осындай шоттан қаражат алуды жүргізу құқығын қалпына келтіру туралы хабарлама хабарламада көрсетілетін шарттарда және оларды ескере отырып қана қалпына келтірілген және ешқандай осындай хабарлама Қордың қандай да болмасын құқығына, өкілеттігіне немесе құқық қорғау құралдарына әсер етпейтін немесе осындай құқықты, өкілеттікті немесе құқық қорғау құралын қозғамайтын сипатталуы осы Бөлімде келтірілген кез келген басқа кейінгі оқиғаларға қатысты жағдайда, осындай тоқтатудың қорытындысы болған оқиғаның немесе оқиғалардың әрекет етуі тоқтатылғанға дейін немесе Қор Заемшыны шоттан қаражат алуды жүргізу құқығы қалпына келтірілгені туралы хабардар еткенге дейін толық немесе ішінара тоқтатыла т ұ р а т ы н б о л а д ы .

### 3 - Б Ө Л І М

Егер алдыңғы бөлімнің (a) тармағында айтылатын қандай да болмасын оқиға Қор бұл туралы Заемшыны хабардар еткеннен кейін орын алса және отыз күн бойы жалғасса немесе егер жоғарыда аталған Бөлімнің (b), (c) және (d) тармақтарында айтылатын қандай да бір оқиға Қор бұл туралы Заемшыны хабардар еткеннен кейін орын алса және алпыс күн бойы жалғасса, онда бұл жағдайда одан әрі кез келген уақытта жоғарыда аталған оқиға жалғасқан кезде Қор өзінің қалауы бойынша тиесілі және дереу төлеуге жататын Заемның негізгі сомасын жариялай алады; және осындай мәлімдеуден кейін осындай негізгі сома кері мағынада осы Келісімдегі ешбір нәрсеге

қарамастан, тиесілі болады және дереу төлеуге жатады.

## 4 - БӨЛІМ

### Е г е р

(a) Заемшының Заем қаражатын алуды жүргізу құқығы оның қандай да болмасын сомасына қатысты ұзақтығы отыз күн кезеңге тоқтатылған болса, немесе

(b) Заем Шотынан Қаражат алудың Соңғы Күні ретінде 3-баптың

8-бөлімінде көрсетілетін күні Заем сомасы алынбаған болса, Қор Заемшыны хабардар ете отырып, Заемшының осындай сомаға қатысты қаражат алуды жүргізу құқығын тоқтата алады.

## 5-БӨЛІМ

Қордың ешқандай да күшін жоюы немесе тоқтатуы осындай міндеттеме тікелей тұжырымдалған ережені қамтитын кездегі жағдайларды қоспағанда, 3-баптың 2-бөліміне сәйкес Қор өзіне, қабылдаған арнайы міндеттеме қолданылатын сомаға қолданылмайды.

## 6-БӨЛІМ

Кез келген күшін жою осы Келісімнің Қосымшасындағы борышты біртіндеп өтеу кестесінде көрсетілгеніндей, Заемның негізгі сомасын төлеудің бірнеше мерзіміне шамалас қолданылады.

## 7-БӨЛІМ

Кез келген күшін жоюға немесе тоқтатуға қарамастан, осы Бапта нақты көрсетілетін жағдайлардан басқа, осы Келісімнің барлық ережелері толық күшінде және қолданысында қалады.

## VI БАП

Осы Келісімнің Сақталуын Қамтамасыз ету; Құқықтарды Орындамау;  
Төрелік тергеу

## 1-БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес Заемшының құқықтары мен міндеттемелері заңды әрекет ететін болып табылады және кері мағынасында қандай да болмасын жергілікті заңдардың ережелеріне қарамастан, олардың шарттарына сәйкес олардың сақталуы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Заемшының да, Қордың да кез келген жағдайда себепкерге қарамастан осы Келісімнің қандай да болмасын ережесінің күші болмайтыны немесе сақталуы қамтамасыз етілмейтіні туралы мәлімдеуге құқығы жоқ.

## 2 - Б Ө Л І М

Осы Келісімнің қандай да болмасын ережесіне сәйкес қандай да болмасын тарапқа берілген қандай да болмасын құқықтың немесе өкілеттіктің жүзеге асырылмауы оған осындай құқық пен өкілеттікті болашақта кез келген уақытта жүзеге асыруға кедергі келтірмейді және осындай құқықтан немесе өкілеттіктен бас тарту ретінде ұ ғ ы н ы л м а й д ы .

Сол сияқты осы Келісімдегі қандай да бір тараптың басқа тараптың іс-әрекетінде орын алған міндеттемелерді қандай да болмасын орындамауына байланысты ешбір кешіріммен қарау көріністері жоғарыда бірінші аталған тарапқа болашақта міндеттемелерді осындай орындамауға қатысты осы Келісімге сәйкес уәкілеттік берілген кез келген іс-әрекетке жүгінуге кедергі келтірмейді.

## 3 - Б Ө Л І М

Осы Келісімдегі тараптар арасындағы кез келген даулы мәселе және осы Келісімге байланысты бір тараптың басқасына ұсынатын қандай да болмасын наразылыққа байланысты мәселелер достық ниетті реттеу жолымен шешіледі. Егер осындай достық ниетті реттеуге қол жеткізілмесе, осындай даулы мәселе және да бір наразылыққа байланысты осындай мәселелер осы Баптың мынадай ережелерімен Төрелік Соттың қ а р а у ы н а ұ с ы н ы л а д ы .

## 4 - Б Ө Л І М

(а) Төрелік Сот үш төрешіден тұрады, оның біреуін - Заемшы, екіншісін - Қор тағайындайды және үшіншісі (бұдан әрі "Супертөреші") - тараптардың келісімі бойынша тағайындалады. Егер төрелік ету процесі басталғаннан кейін 60 күн ішінде осындай келісімге қол жеткізілмесе, Супертөрешіні қандай да болмасын тараптың

өтініші бойынша Араб Мемлекеттері Лигасының Бас Хатшысы тағайындайды. Егер қандай да болмасын тарап оның меншікті төрешісін тағайындамаса, Араб Мемлекеттері Лигасының Бас Хатшысы басқа тараптың өтініші бойынша сол сияқты төрешіні тағайындайды. Қандай да болмасын төреші бас тартқан, қайтыс болған немесе қызметке қабілетсіз болған жағдайда, бірінші төреші тағайындалған негізде құқықтық м и р а с қ о р т а ғ а й ы н д а л а д ы .

(b) Төрелік ету процесін басқасына Төрелік Соттың қарауына ұсынылатын даулы мәселенің немесе наразылықтың сипатын, ізделіп отырған көмектің сипаты мен шегін анық баяндай отырып, төрелік ету процесін бастайтын тарап тағайындайтын төрешінің аты-жөнін көрсете отырып қандай да болмасын тарап бастауы мүмкін. Осындай хабарламадан кейінгі отыз күн ішінде қарсы тарап басқасына оның меншікті төрешісінің аты-жөнін х а б а р л а й д ы .

(c) Төрелік Сот әрбір тарапқа әділ тыңдау ұсынылатындай негізде өз жұмысының меншікті тәртібін анықтайды. Төрелік Сот тараптардың қатысуымен немесе олардың болмауымен қаралатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдай алады. Оның барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Шешім жазбаша түрде шығарылады және Төрелік Соттың кемінде көпшілігінің қолы қойылады. Шешімнің қол қойылған көшірмесі әрбір тарапқа жіберіледі. Осы Баптың ережелеріне сәйкес шығарылған кез келген осындай шешім осы Келісімдегі тараптар үшін түпкі және міндетті болып табылады. Әрбір тарап Төрелік Сот шығарған кез келген осындай шешімді орындайды ж ә н е о н ы с а қ т а й д ы .

(d) Төрелік Сот Заемшының және Біріккен Араб Эмираттары мемлекетінің қолданыстағы заңдарына сәйкес қабылданған принциптерді, сондай-ақ әділеттілік пен а д а л д ы қ п р и н ц и п т е р і н қ о л д а н а д ы .

(e) Әрбір тарап ол тағайындаған төрешінің жұмысына ақы төлеуді қоса алғанда, төрелік ету процесіндегі өздерінің меншікті шығыстарына ақы төлейді. Төрелік Соттың жұмысына және Супертөрешінің жұмысына ақы төлеуге байланысты шығыстар тараптар арасында бөлінеді және әрбір тарап оларды теңдей көтереді. Төрелік Соттың жұмысына байланысты шығыстарды бөлуге жататын кез келген мәселе немесе осындай шығыстарға ақы төлеу рәсімін

Төрелік Сот анықтайды.

## 5-БӨЛІМ

Төрелік тергеуге жататын, алдыңғы Бөлімде сөз болған ережелер даулы мәселелерді осы Келісімдегі тараптар арасында шешудің кез келген басқа рәсімін және осы Келісімге сәйкес туындайтын, бір тараптың екіншісіне ұсынатын кез келген наразылығын алмастырады.

## 6-БӨЛІМ

Осы Бапқа сәйкес кез келген хабарламаны немесе қандай да болмасын соттық тергеуге байланысты сот құжаттарын беру 7-баптың 1-бөлімінде көзделетіндегідей жүргізілуі мүмкін.

## VII БАП

Өзге ережелер

## 1 БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес жіберу немесе ұсыну осы Келісімге сәйкес талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген хабарлама немесе сұрау салу жазбаша түрде жіберіледі немесе ұсынылады. 8-баптың 3-бөлімінде өзгеше көзделетін жағдайлардан басқа, осындай хабарлама немесе сұрау салу осы Келісімде көрсетілетін тараптың мекен-жайына немесе осындай тарап екіншісіне хабарламада көрсеткен осындай басқа мекен-жайға қолма-қол, почта арқылы немесе жеделхат түрінде осындай хабарламаны немесе сұрау салуды жіберу немесе ұсыну талап етілетін немесе рұқсат етілетін тарапқа берілген кезде ол тиісті негізде жіберілген немесе ұсынылған болып саналады.

## 2 - БӨЛІМ

Заемшы Қорға өздері туралы III Бапта айтылатын өтінімдерге қол қоятын немесе Заемшының атынан қандай да бір басқа шараларды қабылдайтын немесе қабылдануын немесе жасалуын Заемшы талап ететін немесе рұқсат ететін қандай да бір құжаттарды жасайтын тұлғаның немесе тұлғалардың өкілеттіктеріне жеткілікті растама береді.

## 3 - БӨЛІМ

Осы Келісімге сәйкес Заемшының атынан қабылдануы талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген шараны және жасалуы талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген құжаттарды Заемшының Көлік және Коммуникациялар Министрі немесе ол осыған жазбаша түрде уәкілеттік берген кез келген тұлға қабылдауы немесе жасауы мүмкін. Осы Келісімнің ережелерін кез келген өзгерту немесе кеңейту Заемшының атынан оның жоғарыда аталған өкілі немесе осыған жазбаша түрде уәкілеттік берілген



кез келген тұлға жасаған жазбаша құжатпен келісілуі мүмкін. Осындай өкілдің пікірі бойынша осындай өзгеріс немесе кеңейту осы жағдайларда негізді болып табылады және осы Келісімге сәйкес Заемшының міндеттемелерін елеулі түрде ұлғайтуға әкеп соқтырмайды. Қор осындай өкілдің немесе басқа тұлғаның кез келген осындай құжатты жасауын осындай өкілдің пікірі бойынша осындай құжатта көзделетін осы Келісімнің ережелерін кез келген өзгерту немесе кеңейту осы жағдайларда негізді болып табылатынына және осы Келісімге сәйкес Заемшының міндеттемелерін елеулі түрде ұлғайтуға әкеп соқтырмайтынына түпкі растама

ретінде қабылдауы мүмкін.

#### 4-БӨЛІМ

Осы Келісімге байланысты немесе осы Келісімді орындау үшін тараптар арасында алмасу жүргізілетін осы Келісімге толықтыру ретіндегі кез келген жазбаша хабарламалардың олар осы Келісімге енгізілген кездегі сияқты мағынада міндетті күші болады.

#### VIII БАП

Күшіне Енетін Күні: Әрекетін тоқтату

#### 1-БӨЛІМ

Осы Келісім Қорға осы Келісімді Заемшының атынан жасау және ресми түрде беру тиісті негізде мақұлданғанына және барлық қажетті конституциялық акциялармен бекітілгеніне тиісінше растама берілгеннен кейін ғана күшіне енеді.

#### 2 - БӨЛІМ

Алдыңғы бөлімге сәйкес берілетін растаманың бөлігі ретінде Заемшы Қорға құзыретті тұлғаның осы Келісімді Заемшы оның ережелеріне сәйкес тиісті негізде мақұлдағаны немесе бекіткені және оның атынан жасалғаны және ресми түрде берілгені және Заемшының заңды түрде әрекет ететін және байланыстыратын міндеттемесі болып табылатыны айтылатын қорытындыны ұсынады.

#### 3 - БӨЛІМ

Егер Заемшы осы Келісімнің міндеттейтін әрекетіне қатысты берген растамасы Қор үшін қолайлы болса, Қор телеграфпен осы Келісімнің 1-бөліміне сәйкес талап етілетін растаманы оның қабылдағаны туралы Заемшыға хабарлама жібереді. Осы Келісім жарамды және осындай жеделхат жөнелтілген күні күшіне енеді.

#### 4 - БӨЛІМ

Егер осы Баптың 1-бөліміне сәйкес жасалатын әрекеттер осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 120 күн немесе Қор мен Заемшы келіскен осындай кеш мерзім ішінде жасалмаған болса, Қор болашақта кез келген уақытта Заемшыны хабардар ете отырып, өзінің қалауы бойынша осы Келісімді тоқтата алады.

Осындай хабарламадан кейін осы Келісімнің әрекеті және тараптардың барлық міндеттемелері дереу тоқтатылады.

#### 5-БӨЛІМ

Егер Заемның бүкіл негізгі сомасын және Заемға қатысты есептелген барлық проценттерді төлеу жүргізілген және Заемға қатысты есептелген барлық басқа төлемдер жүргізілген болса және осындай ақы төлеу немесе төлемдер жүргізілген сәтте осы Келісімнің әрекеті және осы Келісімге сәйкес тараптардың міндеттемелері дереу тоқтатылады.

#### IX БАП

##### Анықтамалар

#### 1-БӨЛІМ

Контексте өзгеше көзделген кездегіден басқа жағдайларда, мынадай терминдердің осы Келісімде немесе оған кез келген қосымшада әрбір қолданылған кезде мынадай мағыналары болады:

1) "Жоба" термині өздері үшін Заем берілетін, сипаттамасы осы Келісімнің 2-қосымшасында келтірілетін жобаны немесе жобаларды немесе бағдарламаны немесе бағдарламаларды білдіреді және осындай сипаттамаға қандай да болмасын уақытта Қор мен Заемшы арасындағы келісім бойынша

түзетулер енгізілуі мүмкін.

2) "Тауарлар" термині Жоба үшін талап етілетін жабдықтарды, керек-жарақтарды және қызметтерді білдіреді. Кез келген тауарлардың құнына кез келген сілтеме Заемшының аумағына осындай тауарларды импорттау құнын қамтитын болып саналады.

7.01-бөлімнің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының мекен-жайы:

Қордың мекен-жайы:

Abu Dhabi Fund for Development Біріккен Араб Эмираттары

P.O. BOX 814

Абу-Даби Почталық Абонемент

Abu Dhabi

Жәшігі

United Arab Emirates

Абу-Даби Даму Қоры

TELEX: 22287 FUND EM

ТЕЛЕКС: 22287 FUND EM

FAX: 6440800

ФАКС: 6440800

Осыны куәландыра отырып, осы Келісімдегі тараптар өздерінің тиісті негізде соған уәкілеттік берілген өкілдері арқылы әрекет ете отырып, осы Келісімге өз аттарынан қол қоюды және Абу-Дабиге бес данада ресми беруді қамтамасыз етті, бұл ретте әрбір дананың түпнұсқалық күші бар және бастапқыда жоғарыда көрсетілетін күні мен жылы барлық даналардың бірдей заңды күші болады.

Заемшы үшін  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі

Абу-Даби Даму Қоры үшін

N 1 кесте

Борышты Біртіндеп Өтеу Кестесі

Қазақстан Республикасындағы Қарағанды-Астана Жолын  
Салу Жобасы

---

Жарнаның N

Жарнаны Төлеудің

БАЭ-на Дирхаммен

Негізделген Мерзімі

Төлеуге Тиісті

## Жарнаның Сомасы

---

1.	2,695,000.00
2.	2,695,000.00
3.	2,695,000.00
4.	2,695,000.00
5.	2,695,000.00
6.	2,695,000.00
7.	2,695,000.00
8.	2,695,000.00
9.	2,695,000.00
10.	2,695,000.00
11.	2,695,000.00
12.	2,695,000.00
13.	2,695,000.00
14.	2,695,000.00
15.	2,695,000.00
16.	2,695,000.00
17.	2,695,000.00
18.	2,695,000.00
19.	2,695,000.00
20.	2,695,000.00
21.	2,695,000.00
22.	2,695,000.00
23.	2,695,000.00
24.	2,695,000.00
25.	2,695,000.00
26.	2,695,000.00
27.	2,695,000.00
28.	2,695,000.00
29.	2,695,000.00
30.	2,651,000.00

Жиыны 80,806.000.00

(сексен миллион сегіз жүз алты мың БАӘ дирхамы)

---

## II Қосымша

1. Жобаны сипаттау

Жалпы ұзындығы 183 км Қарағанды-Астана жолын салу және қайта жаңарту. Жолдың өздерін кесіп өтетін аумағында жалпы ұзындығы 43 км төрт тілімі бар қалаларға жақын учаскелерін қоспағанда, жолдың екі қозғалыс тілімі бар. Жоба сол сияқты көше қиылыстарын, көпірлерді және дренаждық құрылымдарды салу мен жаңартуды қамтиды.

## 2. Тауарлардың Тізімі

Құрауыштар	Сомасы БАЭ дирхаммен	Қаржыландыру %-пен
Жолды және басқа да жол құрылымдарын салуға және қайта жаңартуға байланысты инженерлік-құрылыс жұмыстары (дренаж жүйесі, көпірлер және көше қиылыстары)	72,725,400	29%
Күтпеген шығыстар	8,080,600	
	80,806,000.00	

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.